



## Қаражал қаласында көшпелі сауда үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы N 382 қаулысы. Қарағанды облысы Қаражал қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 25 қаңтарда N 8-5-121 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 44/5 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімдігінің 15.04.2016 № 44/5 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 сәуірдегі N 371 "Ішкі сауда ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Қаражал қаласының халқына өнімдерді ілгерлету мақсатында, Қаражал қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Арнайы немесе сауда жабдығымен жарақталған көлік құралдарын пайдалану мен шатыр арқылы көшпелі сауда үшін арнайы бөлінген орындар қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қаражал қаласы әкімінің орынбасары Т.Ерденевке жүктелсін.

Қаражал қаласының әкімі

Ғ. Әшімов

Қаражал қаласы әкімдігінің  
2011 жылғы 21 желтоқсандағы  
N 382 қаулысына  
қосымша

## Арнайы немесе сауда жабдығымен жарақталған көлік құралдарын пайдалану мен шатыр арқылы көшпелі сауда үшін арнайы бөлінген орындар

| N | Орналасқан жері                                    | Орын саны |
|---|----------------------------------------------------|-----------|
| 1 | Горняков көшесі 31, "Құрманғазы" базарының қасында | 3         |
| 2 | Дүкенов көшесі 16, коммуналдық базардың қасында    | 1         |

|   |                                                                 |   |
|---|-----------------------------------------------------------------|---|
| 3 | Ықыласов көшесі 4, "Бастау" дүкенінің қасында                   | 1 |
| 4 | Теміржол көшесі 14, теміржол вокзалының қасында                 | 1 |
| 5 | Жәйрем кенті, Metallург көшесі 19, "Сарыарқа" базарының қасында | 2 |
| 6 | Жәйрем кенті, Абай көшесі, "Маржан" базарының қасында           | 2 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК